

# БІЛІМІН ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕМЕН ҰШТАСТЫРҒАНДАР ЕЛІМІЗДІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Ел егемендігін алып, көк байрағымыз желбіреп, еліміздің «Қазақстан» деген атпен бүкіл әлемге танылғанына 31 жыл толды. Тәуелсіздігімізді жариялаганнан бері елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпүлтты Қазақстан халқының жаразтығы мен ынтымақтастығын ең басты құндылығымыз деуге болады.

«Терең білімін озық тәжірибемен ұштастыра білген азаматтар елімізді алға жетелейді» - дег мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазіргі жастардың оқуда озат, әлем жаңаңылқтарынан құлағдар, дамыған елдер қатарында қош түзейтін елі үшін барын салуы оларға артылған міндет деп білеміз. Ол үшін әрқайсысы дұрыс таңдау жасап, болашаққа деген нық қадам басулары қажет.

Жарқын болашақ құру ең алдымен тәрбие-тәлімнен, үлкен білімнің арқасында болатыны сөзсіз. Жарқын болашакқа қадам жасау кішкентай дүниелерден басталады. Мысалы, уақыттымызды пайдалы өткізгіміз келеді, ол үшін өртөнді күнге белсенді жоспарлар жасап, биік мақсат қою керек. Алға қойған ұлы мақсаттары бар, өртөніне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңаңылқа жаңы құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды.

Жарқын болашақ деген не? Ол – білім альып, білімінді оң іске салып соның қызығын жылдар бойы керу. Одан кейін саналы үрпақ тәрбиелеп оларға тузу жол қөрсету. Үрпағың салиқалы болса одан аскан бақыт болмас, салиқалы үрпақтын болашағы да берекелі болатыны сөзсіз. Әрбір жақсының қайыры бар, сол себепті жақсы іспен айналысып болашағымызды өз қолымызға алғанымыз жөн. Бұл, әсіресе, жастарға үлкен үндеу.

«Болашақ – жастардың қолында» деген қанаттың сөз көптеген жастарымыздың алға үмтүлүйна, мақсат қоюына, сол мақсатқа жетуге деген құштарлығының оянуына себепші болған таражай бір асыл сөз. Яғни, жастарға ел сенін, үміт артып отыр. Осының сезінін, үмітті актай білсек, еліміз үшін бұл үлкен қуаныш. Жастарға мақсатқа жетер жолында тұрған ең манызды таңдау – мамандық таңдау деп білеміз.

Еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Әлемдік мәдени құндылықтар үлгісімен алмасып, еліміздің бейнелеу өнері және дизайн бағыты бойынша мәдени әлеуетінің жоғарылауына өзіндік үлес қосып, білікті мамандар даярлауда университетіміздегі «Мәдениет және өнер» факультетіндегі «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы жылдар бойы үлес қосып келеді. Кафедрамыз-

дың білімі мен сапалық қорсеткішін артыруда кафедра мендерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Д.С.Болысбаевтың еңбегі орасан зор.

«Мәдениет және өнер» факультеті мәдениет, өнер, педагогика мамандықтары бойынша бұрынғы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институты мен М. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының базасында құрылған.

2021 жылдан бастап «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы болып П.Г.Д., профессор, Қазақстанның педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі, ҚР жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі Медеубек Жұматайұлы жұмыс істейді.

Факультет түлектері Қазақстанның барлық өнірлерінде, жақын және алыс шет елдерде еңбек етеді. Қолтеген оқытушылар халықарапалық және республикалық конкурстардың жүлдегерлері, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» ҚР Мемлекеттік гранттарының иегерлері, «ҚР Мәдениет қайраткері» атагының иегерлері болып табылады. Оқу процесі мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес заманауи білім беру технологиялары бойынша үйимдастырылған. Студенттерді жоғары мектептеге кредиттік жүйе бойынша оқыту үшін кітап қорын оқу-әдістемелік әдебиеттермен толықтыру, оқыту, ақпараттандыру және оқу процесін компьютерлendіру процестеріне жаңа инновациялық технологияларды енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Ертөнді болашағына нық сеніммен қарап, анық қадам басуына, мәдени-саяси реформаларды қоғам мүддесі үшін дамытуына үлес қосам деген жастарға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің алдыңғы қатарлы сап түзеген «Мәдениет және өнер» факультетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының есігі ашық!

М. ЖАҚЫПБЕКОВА,  
Г.МУРАТБАЕВА,  
С. НУРИДИН,  
Мәдениет және өнер  
факультетінің «Бейнелеу  
өнері және дизайн»  
кафедрасының оқытушылары